

6B02201 ТАРИХ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Таңдалған кәсіби қызметте жұмыс істеу үшін қажетті құзыреттілікке ие, тарих ғылымы саласындағы бакалаврларды даярлау

УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналу мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгертін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Өр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Таңдалған кәсіби қызметте жұмыс істеу үшін қажетті құзыреттілігі бар, командада жұмыс істей алатын, тарих ғылымы саласындағы ғылыми қызмет саласында мамандар даярлау.

Нарықтағы сұранысы. 6B02201- Тарих білім беру бағдарламасының нарықтық сұраныстағы ерекшелігі ҚР аумағындағы археологиялық және мәдени ескерткіштерді кәсіби зерттеу, іс жүргізу негіздерін зерттеу, мұрағат және мұражай құжаттарын өлке және жалпы республика тарихын тереңдете зерделеу бойынша зерттеу ең басты ерекшелігі болып табылады.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	1) Нииде Өмер Халисдемир университеті (Түркия, Нииде) 2) Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы;
----------------------	---

	3) М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қаласы; 4) Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қаласы; 5) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қаласы
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	Адам ресурстарын басқару

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Кембридж Университеті (Англия)-20 %,
Сингапур Ұлттық Университеті- 20 %.

БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

ҚР аумағындағы Мұрағаттар, мұражайлар, археологиялық зертханалар, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, мемлекеттік ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары (ғылыми институттар, педагогикалық және тарихи оқыту кабинеттері, баспалар, әкімдіктер, кітапханалар, біліктілікті арттыру институттары, БАҚ, басқару органдары, департаменттер, білім беру ұйымдары, мәдени-білім беру орталықтары, этникалық орталықтар, әкімдіктер жанындағы Қазақстан Халқының Кіші Ассамблеясы

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

6B02201 - Тарих білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады:

1 кәсіби құзыреттілік саласы

ғылыми-зерттеу (ЖОО зертханаларындағы, ҒЗИ, кітапханалардағы, мұрағаттардағы, мұражайлардағы жұмыс);

2 кәсіби құзыреттілік саласы

ұйымдастырушылық-басқарушылық (мемлекеттік басқару, жергілікті, өңірлік және республикалық өзін-өзі басқару органдарында);

3 кәсіби құзыреттілік саласы

сараптамалық-талдамалық (қоғамдық және мемлекеттік ұйымдардың талдау орталықтарындағы жұмыс);

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2 - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3 - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 – Инновациялық тәсілдер мен тарихи зерттеулер нәтижелерін түсіндіру негізінде тарихи процестерді түсіну және талдау;

ОН 5 – Сыни талдау негізінде әлемдік тарих контекстіндегі тарихи оқиғалар мен құбылыстарға өзіндік көзқарас қалыптастыру;

ОН 6 – Жеке елдердің тарихи дамуының нақты кезеңдерінің эволюциясын оқытуда талдау жасап, пән аралық байланыстарды пайдалану және оларды кәсіби қызметте қолдана білу;
ОН 7 – Архивтер мен музейлердің ғылыми – анықтамалық әдебиеттерін талдап, оларды зерттеу жұмысында пайдалана білу;
ОН 8 – Ғылыми зерттеу әдістерін қолданып, тарихи ақпараттарды компьютерлік өңдеу дағдыларын меңгеру;
ОН 9 – Мемлекет тарихын кезеңдер бойынша оқыту негізінде Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы саяси – әлеуметтік және экономикалық рөлін бағалай білу.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9
ТА1			+	+	+	+	+	+	
ТА 2				+	+	+	+	+	
ТА 3	+	+							+
ТА 4	+	+			+	+	+	+	+
ТА 5								+	
ТА 6	+	+	+		+	+	+	+	+

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу салалық комиссиясының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 3 хаттамасымен бекітілген мәдениет және өнер саласындағы салалық біліктілік шеңбері (СБШ)

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жанындағы әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық үшжақты комиссия отырысында 2016 жылғы 23 қарашадағы № 2 хаттамамен бекітілген салалық біліктілік шеңбері (СБШ).

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 151 бұйрығымен бекітілген Мәдениет саласындағы кәсіптік стандарттары «Этнограф», «Археолог», «Қор сақтаушы», «Мұражайтану».